

нысан

Табиғи монополиялардың тиісті салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствосына немесе оның аумақтық органына ұсынылады.

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Әкімшілік деректер нысаны www.economy.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Қызмет бағыттары бойынша кірістерді, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлу туралы есеп

Есепті кезең 20 ____ жыл

Әкімшілік деректер нысанының индексі: БЕ-Мұнай-19

Кезеңділігі: жылдық

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: Мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық құбыржолдары арқылы тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынатын табиғи монополиялар субъектілері.

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: - ағымдағы жылғы 1 мамырға дейін

(ұйымның атауы)

(мың теңге)

Кірістердің, шығындардың, тартылған активтердің атауы	Қызмет бағыттары	
	Мұнай тасымалдау	Өзге де қызмет
1	2	3
Кірістер		
Сыртқы көрсетілетін қызметтер көрсетуден түскен кірістер		
Трансферттік төлемдер бойынша кірістер		
Жиыны		
Шығындар		
Қызмет бағыттары бойынша ішкі көрсетілетін шығындар		
Трансферттік төлемдер бойынша шығындар		
Жиыны		

Тартылған активтер		
Қызмет бағыттары бойынша активтер		
Трансферттік қызметтер бойынша активтер		
Жиыны		
Амортизация		
Қызмет бағыттары активтерінің амортизациясы		
Трансферттік қызметтер бойынша активтердің амортизациясы		
Жиыны		

Басшы _____

Аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі қолы

Бас бухгалтер _____

Аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі қолы

_____ жылғы " ____ " _____

Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысанға
қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме Қызмет бағыттары бойынша кірістерді, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлу туралы есеп (индекс – БЕ-Мұнай-19, кезеңділігі: жылдық)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық құбыржолдары арқылы тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді және басқа да көрсетілетін қызметтерді ұсынатын табиғи монополиялар субъектілерінің (бұдан әрі - субъект) қызмет бағыттары бойынша кірістерді, шығындарды және тартылған активтерді бөлу туралы есепті жасауына және ұсынуына арналған.

2. Субъектілер әрбір көрсетілетін қызмет түрі бойынша кірістердің, шығындар мен тартылған активтердің бөлек есебін жүзеге асырады.

3. Құндық көріністегі барлық көрсеткіштер ондық белгісіз мың теңгеде толтырылады.

4. Есепке субъектінің басшысы және бас бухгалтері қол қояды. Есеп уәкілетті органның ведомствосына электрондық және қағаз жеткізгіште ұсынылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Осы Есеп төрт кезеңге бөлінеді. 1-кезеңде субъектінің кірістері, 2-кезеңде – субъектінің шығындары, 3-кезеңде – тартылған активтер, 4-кезеңде – амортизация көзделеді.

6. 1-бағанда субъекті кірістерінің, шығындары мен тартылған активтерінің атауы келтірілген.

7. Есептің 2-бағанында "Мұнайды тасымалдау" қызметінің бағыты бойынша кірістер, шығыстар, тартылған активтер мен амортизация туралы деректер келтіріледі.

8. 3-бағанда "Өзге де қызмет" қызметінің бағыты бойынша кірістер, шығындар, тартылған активтер мен амортизация туралы деректер келтіріледі.